

2024 жылдың 2 жарты жылдығы

AP22686946 Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі (Семей сынақ полигоны негізінде)

Сипаттамамен күнтізбелік жоспардың бөлімі	Іске асыру мерзімдері	Орындалған жұмыстың/алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасы	Пайдалану мүмкіндіктері туралы ақпарат
№1 Көркем әдебиеттегі экология тақырыбындағы еңбектерді жинау, зерттеу, талдау жасау жұмыстары. Көркем әдебиеттегі экология, Семей полигонына қатысты теориялық негіздемелерді зерттеу жинақтау жұмыстарын жүргізу, конференция немесе семинарларға қатысу, шетелдік сапарларды жүзеге асыру.	Шілде - 15 қараша 2024 ж.	Экология тақырыбында (Семей полигоны) батыл жазып, шындықтың бетін ашқан мерзімді баспасөз беттеріндегі материалдар жинақталды. Экология тақырыбында жазған ақын-жазушылардың шығармаларын жанры бойынша топтастырылды. Ядролық полигонда және тәжірибе алаңында болған оқиғаларды баяндайтын Қазақстан соның ішінде, Алматы, Семей, Курчатов қалаларындағы мұрағат қорларындағы хаттар, хаттамалардың көшірмесін арнайы тауып, сараптама жұмыстары жүргізілді. Жоба тақырыбы бойынша материалдар жинақталды, конференцияда баяндама жасалды. Отандық іссапарлар жүзеге асты. Курчатов қаласы - 29.10.2024-30.10.2024 Алматы қаласы - 2.11.2024-9.11.2024	Экология мәселесін көтерген «Невада-Семей», «Семей сынақ полигоны», «Қайнар синдромы» тақырыбында жазылған көркем шығармаларға әдеби талдау жасап, бүгінгі жастарға насихаттап, санасына құю. Экология тақырыбы тамыры тереңде жатқан, адамзат өміріне сан ғасыр әсер ететін маңызды оқиға болғандықтан, сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін дұрыс әрі нақты ұғындыру. Зерттеудің тиімділігі қоғамдық ортада экологиялық тәрбие, экологиялық сананы қалыптастыру.
№2. Экологиялық мәселелердің көркем әдебиеттегі реминисценциясын ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу нәтижелері бойынша БҒСБҚК ұсынған отандық басылымға 1 мақала әзірлеу.	Шілде - 15 қараша 2024 ж.	2024 жылға арналған күнтізбелік жоспарға сәйкес келесі мақалалар жарияланды. 1) «Ұлт тарихындағы ұмытылмайтын қасірет» Семей таңы 29 тамыз 2024ж. №104-105 2) «Қазақ поэзиясындағы Семей қасіреті (әдебиеттегі экология көрінісі)» «Шәкәрім оқулары-2024» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы 15	Зерттеу нәтижесінде жарыққа шығатын мақалаларды қазақ қоғамының сұраныс қажеттілігіне пайдалануға болады. ЖОО-да тілдер және әдебиет, тарих, география ББ бағдарламалары бойынша «Қазақ әдебиетінің

		қараша 2024 ж. 3) «Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы» ҒЖБССҚК ұсынған басылым, Л.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің хабаршысы №4 желтоқсан 2024ж.	тарихы», «Әлем әдебиеті», «Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті» т.б. пәндерді оқытуда бірден-бір ғылыми еңбек болып табылады.